

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының
білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№7 Хромтау мектеп-гимназия»
(мектеп жанындағы интернатымен)
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Хромтау ауданы, Хромтау қаласы

25 ақпан 2022 жыл

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 02 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген (26.07.2021 №366) «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» және 2022 жылғы 07 ақпанда өткізілген мектептің кезектен тыс педагогикалық кеңестің (№4 хаттамасы) шешімі негізінде Хромтау ауданының Хромтау қаласы №7 Хромтау мектеп-гимназиясы 2022 жылғы 09-24 ақпан аралығында өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып, өткізді.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

- 1) Мекеменің атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№7 Хромтау мектеп-гимназия» (мектеп жанындағы интернатымен) коммуналдық мемлекеттік мекемесі
- 2) Білім беру ұйымының орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Республика 764.
- 3) Заңды тұлғаның байланыс деректері: 8(71336) 59487, электронды поштасы Shkolagimnaziya7@mail.ru, gimnaziya7.edu.kz
- 4) Заңды тұлғаның байланыс деректері: Культаева Эльмира Кайруллиновна, Ақтөбе облысының білім басқармасы, Хромтау аудандық білім бөлімінің 2021 жылы 02 ақпандағы №07 бұйрығымен тағайындалған.
- 5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: «№7Хромтау мектеп-гимназиясы» (мектеп жанындағы интернатымен) КММ-сі Хромтау ауданы әкімдігінің 2019 жылдың 02.08 айдағы «Мемлекеттік мекемелер құру туралы» №233 қаулысы бойынша құрылған.
Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі Ақтөбе облысының әділет департаменті Хромтау ауданаралық әділет басқармасы 2021 жылдың 17 қаңтарда берілді. БСН 190940007719
- 6) Рұқсат беру құжаттары: Жалпы білім беру саласында білім беру қызметін жүргізуге 29.05.2020 жыл. №KZ79LAA00018276 мемлекеттік

лицензиясы мерзімі шектелмеген уақытқа берілген. Лицензия қосымшасы берілген уақыты 29.05.2020 жыл. №KZ79LAA00018276.

1) Мектеп алды даярлық сынып хабарламасы 2021 жылғы 03 тамыз айында алынған. Тіркеу нөмері: KZ69RVK00035620.

Мектеп-гимназиясының білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, орта және орта жалпы білім берудің нормативтік құжаттарына, ҚР БЖҒМ бұйрықтары мен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының нұсқаулық хаттарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне және облыс әкімдігінің 30.12.2020 жылғы №490 қаулысымен бекітіліп мектеп-гимназия Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда. Мектеп-гимназияда бір ауысымда білім беріледі. Оқыту тілі-аралас, барлығы 23 класс комплекті, онда 492 оқушы білім алады. Мектеп-гимназия бойынша кластардың орташа толымдылығы – 21 оқушы. Мектеп-гимназияда 64 мұғалім (бала күтімі демалысындағы 10 педагогті қоса алғанда) қызмет етеді, сапалық құрамы 72%.

Мектеп-гимназияның тарихы бойынша 2019 жылғы 01 қыркүйек айында пайдалануға берілді. Мектеп-гимназия ғимараты үш қабатты, жалпы көлемі 9456,2 шаршы метр. Мектеп-гимназияда оқу процесін ұйымдастыруға бағытталған 37 оқу кабинеті, кітапхана, салтанат залы, асхана бар. Жаңа модификациядағы биология, химия, физика және робототехника кабинеттерімен толық жабдықталған. Мектеп-гимназияда 2019 жылдың 19 қараша Ақтөбе облысының Денсаулық сақтау Басқармасы, Хромтау аудандық ауруханасы тарапынан медициналық қызметпен айналысуға рұқсат берілген сериясы №10387DD мемлекеттік лицензиясы бар медициналық кабинет қызмет жасайды. Ғимарат автономды жылу жүйесімен (газ) жұмыс жасайды. Мектептің айналасы қоршалған, көгалдандырылған.

Мектеп алды даярлық тобында 39 оқушы, 1 ауысымда білім алады.

2019-2021 оқу жылдарына дайындық актісі жасалған. «Өртке қарсы қауіпсіздік талаптарының орындалуы, «Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет» туралы жауапты мекемелер рұқсаты бар. Мектеп-гимназияның 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасы бар. Мақсаты: «Оқу – тәрбие үрдісінде инновациялық технологияларды енгізу негізінде бәсекеге қабілетті, білімі терең, жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлғаны тәрбиелеу және оқыту». Қазіргі уақытта осы мақсатты көздеп жұмыс жасауда.

Аталған жылдарға мектеп-гимназия бойынша жылдық жұмыс жоспарлары құрылған, бекітілген. Барлық оқу жылдарындағы жылдық жұмыс жоспарларына өткен жылдық талдау жасалып, тігіліп, жинақталған.

Жұмыс оқу жоспары мектеп директоры тарапынан бекітіліп, Хромтау аудандық білім бөлімімен келісілген.

1.Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар.

1.1. Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес.

Талдау нәтижесі:1) Құжаттарды тексеру барысында мектепалды сыныптарының **2019-2020 оқу жылындағы** ұйымдастырылған оқу қызметтері кестесі ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (2018 жылғы 10 қазандағы № 556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалып, мектеп басшысымен бекітілгені анықталды. Бес сала бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінің апталық көлемі 20 сағатты және вариативтік компонент 4 сағаттан құраған.

«Денсаулық» білім беру саласы – 3сағ;

«Коммуникация» білім беру саласы – 6,5 сағ;

«Таным» білім беру саласы – 3,5 сағ;

«Шығармашылық» білім беру саласы – 5 сағ;

«Әлеуметтік» білім беру саласы – 2 сағ.

Вариативтік компонент Қызықты грамматика -2 сағ; Логика – 2 сағ.

2020-2021 оқу жылындағы ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесі "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20625 болып тіркелді) сәйкес құрылған. Бес сала бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінің апталық көлемі 17 сағатты және вариативтік компонент 3 сағаттан құраған.

«Денсаулық» білім беру саласы – 3сағ;

«Коммуникация» білім беру саласы – 5 сағ;

«Таным» білім беру саласы – 2,5 сағ;

«Шығармашылық» білім беру саласы – 5 сағ;

«Әлеуметтік» білім беру саласы – 1,5 сағ.

Вариативтік компонент – 3сағат

Ойнаймын да,есептеймін – 1 сағ.

Қызықты әріптер – 1 сағ;

«Ертегілер елінде» - 1 сағ.

Қорытынды: 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесі Мемлекеттік стандарттың 4 тармағына Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес құрылған.

1.2. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҮОБ) сәйкес жүзеге асыруы.

Талдау нәтижесі: 2019-2020 жылы жасалған перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескеріліп, оқу қызметіне дайындау мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптары айқындалып "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі - үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жасалып, мектеп басшысымен бекітілген.

2020-2021 оқу жылына жасалған перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескеріліп, оқу қызметіне дайындау мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптары айқындалып Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы сәйкес жасалған, бекітілген. Перспективалық жоспарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаттары мен міндеттері "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салалары бойынша ашып жазылған.

"Әлеумет" білім беру саласының мақсаты денсаулық сақтау технологиясын қолданып, ойындар мен жаттығулар арқылы денешынықтыруға қызығушылықты, қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- дене сапаларын қалыптастыру;
- тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына жаттықтыру;
- қимылды және командадағы жарыс сипатындағы ойындарды, негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл тәжірибелерін байыту;
- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімділігіне, жалпақ табандылықтың алдын-алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу;
- ұлттық қимылды ойындарды өткізуге жағдай жасау.

«Қатынас» білім беру саласының мақсаты: ересектермен және балалармен еркін қарым - қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, орыс тілін білу, оқу мен жазудың бастапқы дағдыларын меңгеруге дайындау, көркем әдебиетке қызығушылыққа баулу; балалардың шығармашылық белсенділігі мен бастамашылдығын дамыту.

Міндеттері:

- коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамыту;
- әңгімелесушіні тыңдау және есту қабілеті, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға дайындау;

- қазақ халқының және басқа халықтардың салт-дәстүрлерін, мәдениетін құметтеуге тәрбиелеу;
- әрекеттердің алуан түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуді дамыту;
- ойынды, биді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту;
- шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;

«Таным» білім беру саласының мақсаты коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- таным процестерін: зейінді, есті, қабылдауды, шығармашылық қабілеттерін, қиялды дамыту;
- ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін жаттықтыру (талдау, біріктіру, салыстыру, жалпылау, топтастыру, құрастыру, модельдеу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау), қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру;
- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, тірі табиғат нысандарына жанашырлық сезімді, қоршаған ортаға қарым-қатынасы бойынша өз әрекетінің кейбір қарапайым нәтижесін көре білуге жаттықтыру, сыни ойлау дағдылары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамыту;
- командада жұмыс істей білу дағдылары, өздерінің пікірлерін айту, басқа адамдардың пікірлеріне құрмет білдіру;
- экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру.

Шығармашылық білім беру саласы мақсаты шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялды, байқағыштықты және қоршаған ортаны бейнелі қабылдай білуді, өз ойларын, сезімдерін көркем түрде бере білу біліктерін қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- балалардың өнер туындыларын қабылдау қабілеттілігін, эмоционалды қатынасын қалыптастыру;
- бірлесіп жұмыс жасау, жұмысты ұжыммен орындау дағдыларын қалыптастыру;
- өз жұмысының нәтижесін бағалауға үйрету;
- балалардың түсінігіне жақын 2-3 қазақ халқының өнер түрлерімен таныстыру;
- безендірудің мәнерлі құралдарымен, балалар кітаптарындағы иллюстрациялармен, олардың авторларымен таныстыру;
- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаға эстетикалық қызығушылығын арттыру;
- халық ойыншықтары туралы түсініктерін кеңейту; балаларды бейнелеу өнерінің түрлерімен таныстыруды жалғастыру (живопись, графика, скульптура, сәндік-қолданбалы өнер);
- живопись және скульпторлық мүсіндердің туындыларымен таныстыру.

«Әлеумет» білім беру саласы мақсаты ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауда, қоршаған ортамен таныстыру

негізінде әлеуметтік дағдыларын дамыту және қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- жеке тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін дамыту;
- ынтымақтастық, қоршаған ортаға қамқорлық көрсету, бастамашылдық, дербестік, тәуелсіздік, ашықтық, әлеуметтік икемділік, мәдениетті және экологиялық сауаттылық; құрдастары мен ересектердің арасындағы қарым-қатынастың жалпы қабылданған қарапайым нормалары мен ережелерін үйрету;
- өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі реттеудің қарапайым қабілеттерін тәрбиелеу.

Перспективалық жоспарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салалары арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылған. Барлық 2019-2021 жылдардағы перспективалық жоспарларда түсінік хаттар толық жазылған. Жоспарланған өтпелі тақырыптар олардың бірізділігі мен саны Педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу, қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыруға; мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау, креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруды, "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыруды жүзеге асыру мақсатында жоспарланған өтпелі тақырыптар олардың бірізділігі мен саны Педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген. Перспективалық жоспарда көрсетілген тақырыптарға, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесіне сәйкес әр апта циклограммасы жазылған. Циклограммада бес сала бойынша ұйымдастырылған апталық оқу қызметтерінің тақырыптары перспективалық жоспарға сай жасалған. Циклограмма жалпы стандартта берілген үлгіге сай. Барлық жоспарға түсінік хаттар жазылған.

Білім беру салаларының өзара кірігуі және өзара байланысы балада қоршаған ортаның тұтас бейнесін қалыптастыруды қамтамасыз ету, педагогикалық процесті ұйымдастыру және базалық мазмұнының толықтыру мақсатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарына сәйкес төмендегідей вариативті компонент енгізілген

«Ойнаймын да, есептеймін» Мақсаты: Логикалық тапсырмалар арқылы интеллектуалды және шығармашылық мүмкіндіктерін қалыптастыру, бір жүйеге келтіру. Логикалық ойлау қабілетін, ақыл-ой белсенділігін арттыру, берілген тапсырманы өздігінен орындауға, өз ойын еркін айта білуге тәрбиелеу.

«Қызықты әріптер» Мақсаты: Балалардың таным қабілеттерін, сөздік қорларын, сөйлеу мәнерін, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру. Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру. Балаларды өткен дыбыс пен әріп таңбаларын ажыратуға үйрету;

«Ертегілер елінде» Мақсаты: Ертегідегі кейіпкерлерді атай білу, заттардың түсін көлемін ажырата білу. Балаларға қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беріп, сөздік қорларын дамытып, тіл байлықтарын молайту. Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілеттерін дамыту, кейіпкерлердің образы негізінде балалар бойында жағымды қасиеттер қалыптастыру.

Тексерілген құжаттарда балалардың қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру жұмыстары байқалады. Мектепалды даярлық сыныптарында білім беру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бес білім беру саласы және білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру арқылы іске асырылған.

Қорытынды: Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының 5 тармақтың 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 тармақшасына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (05.05.2020 жыл № 182) сәйкес.

1.3. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік – кеңістік дамытушы ортаны құру.

Балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау алға қойылған. Сыныпта бес сала бойынша бұрыштар ұйымдастырылған. Балалардың алаған білім - білік дағдыларын дамыту мақсатында

Денсаулық саласы бойынша доптар, жаттығулар жасауға арналған таяқшалар, кеглилар, құм салынған қапшықтар, доминолар, шашкалар, асықтар жинақталып қойылған.

Қатынас білім саласы бойынша: сюжетті рольді ойындар, дидактикалық ойындар (картотекасы), үстел үсті ойындар, әріптер, буындар жинағы, демонстрациялық материалдар жинақталған,

Таным саласы бойынша: геометриялық фигуралар, цифрлар жиынтығы, конструкторлар, пазылдар, тартылатын материалдар жинақталған.

Шығармашылық саласы бойынша: сылдырмақтар, әуенді кітаптар, әуенді ойыншықтар, көрнекілік материалдар жинақталған.

Әлеуметтік білім саласы бойынша: Ұлттық дәстүрлер мен адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру мақсатында қазақ үй және суретті кітаптар бұрышы ұйымдастырылған. Сынып балалардың жас ерекшеліктеріне сай безендірілген.

Сыныпқа сақтық шараларын сақтау мақсатында бейнебақылау камерасы орнатылған. Оқу кабинеттерінде АКТ құралдарын пайдалануға жағдай жасалған.

Қорытынды: Мектепке дейінгі топ тәрбиеленушілерінің өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік – кеңістік дамытушылық орта талапқа сай құрылған.

1.4. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы.

2019-2021 оқу жылы аралығында мектепалды даярлық топтарында 3 тәрбиеші білім мен тәрбие беріп келеді. Олар:

1.Кадирова Гулзаым Жаксығалиевна-білімі арнаулы орта, санаты педагог-модератор, еңбек өтілі 17,3 жыл.Хромтау тау-кен техникалық колледжі «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша аяқтаған. Халықаралық «Пони» конкурсына берілген «Диплом», «Үркер» марафонының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындап 2-орын алғаны үшін «Диплом», «BILGEN» Tanum Top ұлттық авторлық методикалық орталық ұйымдастырған байқауына ат салысқаны үшін «Құрмет грамотасы», облыстық пәндік олимпиадаға қатысқаны үшін «Сертификат», Білімқұмар балаларға арналған Республикалық " Үркер" марафонының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін «Диплом», Халықаралық «Пони» конкурсы Тілашар байқауы «Диплом». Ақтөбе газетіне Ұзын құлақ ақ қоян мақаласы жарияланған.Республикалық ғылыми-әдістемелік «Тағылым» журналына авторлық бағдарлама жарияланған.

2.Тойманова Алтынгүль Досымбаевна-білімі арнаулы орта, Ақтөбе педагогикалық училищесін «Мектепке дейінгі тәрбие» мамандығы бойынша аяқтаған.Еңбек өтілі 24 жыл.Біліктілік санаты педагог – сарапшы. Жетістіктері: Білімқұмар балаларға арналған Республикалық «Үркер» марафонының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін «Диплом», Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтары арасындағы облыстық олимпиадаға қатысқаны үшін «Диплом», Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтары арасында облыстық олимпиадада белсенділік танытқаны үшін «Алғыс хат», Арнайы педагогика пәндері бойынша мұғалімдер арасында өткен облыстық пәндік олимпиадада 1 орынға ие «Диплом», " Ертегілер әлеміне саяхат" тақырыбындағы әдістемелік авторлық бағдарлама қорғалды. "Жаңартылған білімге - жаңашыл ұстаз Республикалық ғылыми мақаласы жарияланған.

3. Тлесова Акжунис Амантаевна, білімі жоғары, санаты педагог-модератор, еңбек өтілі 11,4 жыл. Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтын «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығы бойынша аяқтаған. 2019-2020 оқу жылы «Пони»Алғыс хат. «Үркер» марафонының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін. «Тәуелсіздікке

тарту» атты II республикалық шығармашылық байқауына белсене қатысқаны үшін Диплом, Халықаралық «Пони» конкурсына берілген сертификат.

Қорытынды : Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін тәрбиешілердің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар.

1.5. Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда баланың ерекшеліктері ескеріліп, жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламасы "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың» үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жасалып, бекітілген.

2020 – 2021 оқу жылы Жанбырбай Жанерке Нұрғалиқызы Оқыту формасы: Жалпы білім беретін оқу бағдарламаларында оқыту мен тәрбиелеу. Жеке оқу жоспарына сәйкес жеке тәсілдер қолдану. Мектепте психологиялық және педагогикалық қолдау. Диагноз: ОНР II-III уровня. Резидуальная энцефалопатия.

2020- 2021 оқу жылдарында мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттары бойынша төмендегі жұмыстарды бірлесе атқарылып отырған.

Баланың денсаулығын және дене күшін қолдау:

Бала өмірі мен денсаулығын сақтау жағдайы мен жолдарын ұйымдастыру, оларды жеке таңдалған қимылдық белсенділіктерге, денсаулықты нығайтатын коррекциялық сабақтарға қатыстыруды ұйымдастыру ; (оқу-ісі орынбасары, әлеуметтік педагог, мектеп медбикесі) Балалардың зерде дамуын қолдау:

Әрбір баланың танымдық ерекшелігіне сәйкес оқыту әдістерін анықтау және дамыту, оқу әрекетінің табысты болуы үшін оған жағдай тудыру (педагог-психологтар, пән мұғалімдері)

Баланы қарым-қатынас саласында қолдау:

Балаларды мектепішілік және мектептен тыс шараларға қатыстыру арқылы ортаға тартып, гуманистік өзара әрекеттенуіне жағдай тудыру, балалардың қолы бос кезінде спорттық шаралар мен шығармашылық үйірмелерге қатыстыру арқылы олардың жеке қабілеттерін байқатуларын қолдау, тәртіп түрін саналы түрде таңдауына көмектесу; (әлеуметтік педагог, педагог ұйымдастырушы, тәлімгер)

Баланың жанұясын қолдау:

Әрбір баланың жанұясымен ынтымақтастық жағдай орнату арқылы оның жанұялық жағдайын зерделеп білу, ата-аналарына арнайы құқықтық сауаттылығына педагогикалық-психологиялық көмек ұйымдастыру, бала мен арақатынасының үйлесімді болуына көмек көрсетілген.

Қорытынды: Мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілерінің ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру бойынша «Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» әдістемелік ұсыным талаптары орындалған.

1.6. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы

Талдау нәтижесі: Берілген құжаттарды тексеру барысында баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы) мектепке дейінгі білім беру талаптарына сәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау бойынша бастапқы (қыркүйек), аралық (қаңтар), қортынды (мамыр) мониторинг жүргізілген. Мониторинг балалардың жас ерекшелігіне сай жүргізілген. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау мониторинг және білім салалары бойынша түзету шараларын жүргізу мақсатында бастапқы, аралық, қортынды мониторинг жүргізілгеннен кейін қортындысы шығарылып, әр балаға жеке даму картасы (100%) толтырылған.

Түзету іс – шаралары бес сала бойынша жүргізілген.

Денсаулық саласы бойынша қарапайым дене жаттығуларын алмастырып, негізгі қимыл түрлерін орындауға, ойын-эстафеталар, қызықты ойындар ұйымдастыру арқылы қимыл белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Коммуникация саласы бойынша дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, мазмұнды сурет, мазмұнды суреттер топтамалары, сызба карталар бойынша әңгіме құрастыруға дағдыландыру.

Таным саласы бойынша 1-ден 20-ға дейінгі сандарды тура және кері санауды, 1-20 дейінгі сандар тізбегінде қалып қойған санды атауды үйрету; теңдік туралы түсінік беру, топтардағы әртүрлі заттардың санының тең екендігін анықтауды, топтарды салыстыру және санау негізінде сандық мағынаны дұрыс меңгерту;

Шығармашылық саласы бойынша геометриялық фигураларды қиюға үйрету: қиып алудың негізгі түрлерін меңгерту, жеке заттарға қарап немесе есте сақтау арқылы суреттердің, өрнектер мен оюлардың композициясын құрастыруды үйрету

Әлеумет саласы бойынша отбасы мүшелеріне деген өзінің қарым-қатынасын, жақындарына деген өзара сыйластық, қамқорлық деген ұғымдарды үйрету айналасындағы табиғаттың сұлулығын қабылдауды, табиғатқа қамқорлық жасауды үйрету.

Қорытынды: Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері Мемлекеттік стандарттың 4-тарау 17 тармағына Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес.

1.7. "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру.

Талдау нәтижесі: Барлық (2019-2020, 2020-2021) жылдардағы перспективалық жоспарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салалары арқылы оларды кіріктіру жолдарымен жасалған, перспективалық жоспарларда түсінік хаттар жазылған, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері, өтпелі тақырыптар мектеп басшысымен бекітілген. Әр аптаға жасалған циклограммаларда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру білім беру салалары арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылған.

"Денсаулық" білім беру саласы баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында, төтенше жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға; шығармашылық, танымдық, тілдік қабілеттерді қолдана отырып, негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс тәжірибесін байытуға бағытталған.

"Қатынас" білім беру саласы коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамытуға, балалардың түрлі іс-әрекетінде ауызекі сөйлеуді дамытуға, сөздік қорды байытуға, балалар әдебиетіне қызығушылықты дамытуға бағытталған.

"Таным", білім беру саласы санау дағдыларын, геометриялық пішіндер туралы түсініктерді қалыптастыруды, кеңістікті және уақытты бағдарлауды; құрылыс, табиғи және қалдық материалдар мен конструктордың бөліктерінен құрастыруды; тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейтуді, креативтік ойлауды дамытуды қамтиды.

"Шығармашылық" білім саласы командада жұмыс істей білуді, қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыруды, өнер түрлері туралы қарапайым ұғымдарды, тәрбиеленушілердің дербес шығармашылық іс-әрекетін іске асыруды қамтиды.

"Әлеумет" білім беру саласы әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын игеруді; қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеруді; баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуін, оларға құрметпен қарауды, дербестігін тәрбиелеуді, өзінің отбасына жақындық сезімін, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыруды, қазақ халқының, сондай-ақ басқа халықтардың тарихын, мәдениетін білу мен құрметтеуді, туған жер туралы түсініктерін кеңейтуді, еңбек түрлері мен түрлі мамандық иелеріне қызығушылықты қалыптастыруды қамтиды.

Ұйымдастырылған оқу қызметтері – білімді игеруге, біліктер мен дағдыларды меңгеруге бағытталған педагог пен тәрбиеленушілердің бірлескен іс-әрекеті негізінде жүргізілген.

Балалар түрлі халықаралық, республикалық, облыстық сайыстар мен байқауларға қатысқан.

Оқу жылы	Халықаралық саны	Республикалық саны	Облыстық саны	Аудандық саны	%
2019-2020	14	5	-	-	53
2020-2021	13	8	-	-	60

Қорытынды: Мемлекеттік стандарттың 7,8,9,10,11,12,13,16 тармақтарына Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес.

1.8.Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы (бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі)

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы) мектепке дейінгі білім беру талаптарына сәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау бойынша **бастапқы** мониторинг жүргізілген. Стандарт талаптары бойынша бала дамуының 3 деңгейі және бала жетістіктерінің мониторингі жасына сәйкес жасалған. (бастапқы- қыркүйек, аралық –қаңтар, қорытынды- мамыр)

1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;

2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;

3-деңгей–бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Бастапқы бақылау қорытындысы шығарылған, білім салалары бойынша түзету шараларын жүргізу мақсатында әр балаға жеке даму картасы (100%) толтырылған.

Оқу жылдары	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей	Бастапқы бақылау қорытындысы
2019 - 2020	36	7	10	19	47%
2020 – 2021	35	9	9	17	51%

Қорытынды: Мемлекеттік стандарттың 4-тарау 17 тармағына Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес.

2.Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

2.1)МДТО УОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы

Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі МДТО УОЖ белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілген.

Тексеру нәтижесі: Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін апталық оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында мектепалды сыныбында бес сала бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінің апталық көлемі 20 сағатты және вариативтік компонент 4 сағатты құрайды. Ұйымдастырылған

оқу қызметтерінің ұзақтығы 25-30 минуттан. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынған.

Оқу жылы	Білім салалары	апталық	жылдық
2019-2020	Денсаулық	3	96
	Қатынас	6,5	208
	Таным	3,5	112
	Шығармашылық	5	160
	Әлеумет	2	64
		20	640
	Вариативтік	4	128
2020-2021	Денсаулық	3	99
	Қатынас	5	165
	Таным	2,5	82,5
	Шығармашылық	5	165
	Әлеумет	1,5	49,5
		17	561
	Вариативтік	3	99

2020 – 2021 оқу жылында мектепалды сыныбы (5 жастан бастап) – ұзақтығы 25-30 минуттан – 17 сағат және вариативтік компонент 3 сағатты құрайды.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына сәйкес.

2.2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін апталық оқу жүктемесінің көлемі сақталған.

Мектепалды даярлық сыныбы (5 жастан бастап) – ұзақтығы 25-30 минуттан – 17 сағат.

Қорытынды: Мемлекеттік стандартың 14, 15 тармағына Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (05.05.2020 №182) сәйкес.

2.3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1 сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар.

Тексеру нәтижесі: Даярлық сынып тәрбиеленушілерінің ата-аналарынан сауалнама алынған.

Қорытындысы:

Жылдар	Ата ана	Толығымен	Келіспеймін	Жауап беруге	Келісемін	Толығыме
--------	---------	-----------	-------------	--------------	-----------	----------

		келіспеймін		қиналамын		келісемін
2019-2020	36	2	6	2	6	20
2020-2021	35	3	3	2	9	18
Жалпы	71	5	9	4	15	38

Мектепалды даярлық сыныптың ата – аналарынан алынған сауалнама қорытындысы 74% оң нәтиже көрсеткен.

3.Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

3.1)МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласындағы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктердің көлемін игеру.

3.2) Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау.

Талдау нәтижесі: Мектепалды даярлық сыныбында

Денсаулық сақтау дағдыларын: гигиеналық шараларды орындауды, өзіне-өзі қызмет ету және өзара көмек көрсету дағдыларын, шынықтырудың барлық әдістерін жас ерекшелігіне сай сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізе отырып, негізгі қимыл түрлерін, қимылдарды еркін меңгеріп, саналы түрде ойын ережесін сақтауды,қозғалыс әрекетінде қарапайым өзін-өзі бақылауды, ағзаны шынықтыру және дене сымбатын сақтау тәсілдерін, күн тәртібін сақтауды үйренеді.

Коммуникативтік-тілдік дағдылар: тілдесу ережелерін: сөзсіз тілдесу құралдарын, сөйлесу әдебін, сөз тіркесі мен сөйлемдерді грамматикалық дұрыс құрастыруды,сөйлеуде таныс сөздердің күрделі түрлерін қолдануды, дыбыстарды анық, дұрыс, мәнерлеп айтуды, жіктеуді, дыбыстың шартты белгілерінің көмегімен буын мен сөз құрастыруды, сөзжасам дағдыларын, заттардың белгілері мен сапа ларына сүйене отырып, сөздің мағынасын түсіндіре және қолдана алуды, берілген тақырып, сурет бойынша жалаң және жайылма сөйлемдерді қолдана отырып, байланыстырып, бірізділікпен әңгіме құрастыруды, түрлі оқиғаларды мазмұндап айтуды, ертегілерді ойдан құрастыруды, ойында сөз және өлең ұйқастарын құрастыруға, көргеніне сүйене отырып, таныс шығармалардың мәтінін мазмұндауды, дыбыстарды айтуда және дыбыстық талдауда білімін қолдануды,төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды, дыбыстарды сипаттауды үйренеді.

Танымдық дағдылар: адам өміріндегі маңызына және қолданылуына байланысты заттарды даярлау үшін пайдаланылатын материалдардың қасиеттері мен алуан түрлілігі туралы, қоршаған ортадағы объектілердің ерекше және маңызды белгілерін бөліп көрсете отырып, олар туралы түсініктерді, жапсыру және сурет салу түрінде геометриялық пішіндерден шынайы және абстракциялық объектілердің қарапайым үлгілерін жасауды, болмашы ерекше белгілері бойынша жануарлар мен өсімдіктерді ажырата білуді, табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күтіп-баптауды, күнделікті өмірдің жаңа жағдайларында қауіпсіздікті сақтауды, түрлі белгілері бойынша объектілерді жіктеуді, сөз арқылы кеңістіктік-уақыт қатынасын , қисынды ойлауды, нәтижеге жететін эксперимент әрекетіне мақсат қоя білуді,

нәтижеге жетуді, алған ақпаратқа талдау жасауды, оны саналы түрде қолдануды үйренеді.

Шығармашылық дағдылар: музыкалық аспап сүйемелдейтін әуенді, регистр дыбысын ажырата алуды, балаларға арналған музыкалық аспапта ойнау барысында, ән айтқанда, билегенде минорлы және мажорлы дыбысталуды қабылдап, жаңғырта алуды, түрлі техникалық құралдарды өз бетінше қолдануды, жұмыстарды жаңа бөліктермен толықтыруды және әсемдеуді, қарастырған заттарының бояуының қанықтылығының маңыздылығын, өнердің басқа түрлерінің түп мәтінінде өнер туындыларына алғашқы талдау жасауды үйренеді.

Әлеуметтік дағдылар: мінез – құлықтың адамгершілік нормаларын, әдеп, табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелерін, ересектермен бірлескен әрекетке жұмылуды, пайдасын тигізуге және оған қанағаттануды, өзінің және басқа халықтардың әдептілік нормалары мен олардың құндылығын, түсіністік, төзімділік танытуды, әлеуметтік ортада өзара қарым-қатынас жасау біліктілігін, қоғамдық тәртіп сақтау дағидаларының коммуникативтік дағдыларын меңгереді.

№182 бұйрығы) (бұдан әрі – Стандарт) мен мектепке дейінгі білім беру талаптарына сәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын және білім білік дағылырын меңгеруін бағалау мақсатында **қорытынды** мониторинг жүргізілген. Стандарт талаптары бойынша бала дамуының 3 деңгейі және бала жетістіктерінің мониторингі жасына сәйкес жасалған. (бастапқы- қыркүйек, аралық –қаңтар, қорытынды- мамыр)

1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;

2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;

3-деңгей - бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Қорытынды мониторинг нәтижесі шығарылған.

Оқу жылдары	Бала саны	I	II	III	Қорытынды бақылау нәтижесі
2019 – 2020	36	15	12	9	75%
2020 – 2021	35	13	15	7	80%
Барлығы:					77,5%

Қорытынды: Мемлекеттік стандарттың 16, 17 тармағына Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (05.05.2020№182) сәйкес.

4.Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) Жас кезеңдерін сақтау және жас топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (осы Өлшемшарттардың 9- қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі) (балалардың жасы – 1 қыркүйектегі толық жасы)

2) тәрбиеленушінің 1 сыныпқа қабылданғанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау

Талдау нәтижесі:

Оқу жылдары	4,9 жас	5жас	6 жас	7жас
2019-2020	3	30	3	-
2020-2021	-	32	3	-

2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (5-тарудың 22тармақтың 2тармақшасына) сәйкес.

Ұсыныс: Өтпелі тақырыптардың циклограммасын сәйкестіндіру. Ұйымдастырылған оқу қызметінде ойын түрлерін, әдіс-тәсілдерді қолдану. Балалардың даму картасын уақытылы толтыруы. Жеке даму картасына түзету жұмыстарын жүргізу.

Қорытынды: Оқу мерзіміне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (МЖМБС) талаптарына сәйкес.

ҚОРЫТЫНДЫ:

«№7 Хромтау мектеп-гимназия» КММ-де (мектеп жанындағы интернатымен) мектепке дейінгі тәрбиеленушілерінің Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес білім берудің азаматтық және ұлттық құндылықтарын дарытуға, адамның өмірі мен денсаулығы, жеке адамның еркін дамуы, адамның құқықтары, тұлғаны білімділікке ынталандыру және дарындылықты жетілдіру, білім берудің бірлігі, тәрбиелеу және дамыту, оқушылардың денсаулығын нығайту мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға қажетті білімдік орта құрылған.

Ақтөбе облысының білім басқармасы «Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-не қарасты «№7 Хромтау мектеп-гимназия» КММ-де (мектеп жанындағы интернатымен) білім мен тәрбие беру үдерісі «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (МЖМБС) талаптарына сәйкес.

Комиссия мүшелері:

- 1) Комиссия төрайымы
- 2) Комиссия төрайымы орынбасары
- 3) Комиссия мүшелері

Э.К.Культаева
Л.Т.Алмаханова

А.Б.Абдуллина
Қ.И.Махамбетов
А.Қ.Дүйсембай
Т.З. Жанұзақова
Қ.А.Токсамбаева
А.Ш.Жекеева